Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Тау-кен ісі» кафедрасы

MIN4621 «Жерасты құрылысының объектілері» пәні бойынша

1-СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС (1-СӨЖ)

Тақырыбы: «Тау-кен ісі өндірісі және жерасты объектілері құрылысының технологиялары» тақырыптарын терең іздену және зерттеу.

«6В07205-Тау-кен инженериясы» мамандығы үшін

Оқытушы: Алменов Талгат Макулбекович, техн.ғыл.канд.,
«Тау-кен ісі» кафедрасының профессоры

Алматы, 2026

MIN4621 «Жерасты құрылысының объектілері» пәнінен 1-өзіндік жұмыс (1-СӨЖ). «Жерасты тау-кен қазбаларын бұрғылау-жару әдістерімен өту (салу) технологиялары» тақырыбын тереңірек зерттеп меңгеру.

Жұмысты орындау мақсаты: «Тау-кен ісі өндірісіндегі негізгі технологиялар бойынша және жерасты объектілері құрылысының технологиялары» тақырыптарын теориялық және практикалық тұрғыдан терең ізденіп зерттеу және меңгеру болып табылады.

Жұмысты өткізу тәртібі: Әрбір студент «Тау-кен ісі өндірісіндегі негізгі технологиялар бойынша және жерасты объектілері құрылысының технологиялары» атты тақырыптар бойынша өздігінен теориялық іздену жұмыстарын жасайды. Яғни, техникалық әдебиеттерден, ғылыми мақалалардан заманауй технологияларды зерттеп, өз түсінігі бойынша аталған тақырыптың түсіндірме жазбаларын орындауы және есептік бөлімінде БЖЖ-ның паспорттарын, Бекіту паспорттарын, Циклдік графиктерді және т.б. инжерерлік параметрлерді есептеп құрастыруды қамтуы керек.

Әрбір білім алушыға СӨЖ-1-дің тақырыбын оқытушы өзі ұсынады.

Сол берілген тапсырманы орындап оқытушыға силлабустағы өткізу кестесінен кешікпей жұмысты (теориялық және есептік бөліммен бірге толықтырып орындап) өткізуі қажет. Әрбір студент тақырыптың теориялық бөлімін және есептік бөлімдерін өз бетінше орындайды.

Орындалған жұмысты (жауабыңызды компъютер көмегімен теру және сызу арқылы) презентация түрінде оқытушы алдында қорғау керек.

Өзіндік жұмыс оқу семестрінің **7-ші аптасына дейін** қорғалуы және тапсырылуы тиіс.

Өз уақытында өткізілген жұмыс (сапасы мен деңгейіне қарай, критериилер бойынша) бағаланады. Силлабустегі көрсетілген мерзімнен кешіккен білім алушыдан жұмыс қабылданбайды.

Ұсынылатын СӨЖ-1 тақырыптары келесі бетте берілген.

Ескерту: Оқытушы ол тақырыптардан бөлек, басқа да заманауй өзекті тақырыптарды да ұсынуы мүмкін.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАР ТАҚЫРЫПТАРЫ:

1. Жазық және көлбеу тау-кен қазбаларын бұрғылау-жару жұмыстары әдісімен өту технологиясы;
2. Шахта оқпандарын салу технологиясы;
3. Метроның өтпелі тоннелдерін қалқандарды қолдану арқылы салу әдістері;
4. Метроның жұмыс-монтаждық оқпанын салу технологиясы;
5. Өрлеме қазбаларын өту әдістері;
6. Жерасты ғимараттарын ашық әдіспен технологиясы;
7. Тоннелдерді тау-кен әдісімен салу технологиясы;

8. Гидроэлектростанция (ГЭС) тоннельдерінің құрылысы.

9. Метрополитеннің жерасты станцияларының құрылыстарын салу әдістері;

10. Метрополитеннің эскалаторлық тоннелдерін салу технологиялары;

11. Тау-кен қазбаларын комбайндармен өту әдістері;

12. Жерасты қоймаларын салу әдістері.

13. Тоннелдерді қалқандық комплекстердің көмегімен салу технологиясы.

Ұсынылатын әдебиеттер: Негізгі:[1, 2, 3]; Қосымша: [4, 5, 7, 9].

Пән оқытушысы,
техн.ғыл.канд., профессор **Т.М.Алменов**